

УДК 616.5-002:615.262.1

Л.К. САГИДОЛДИНА, С.М. НУРУШЕВА, Г. МЕЙРМАНОВА

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы қ.

АФЛОДЕРМ ПРЕПАРАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗДЫ ДЕРМАТОЗДАРДЫ ЕМДЕУДЕ, ЖЕРГІЛІКТІ ҚОЛДАНУ

Айтылмыш зерттеме Афлодерм препаратының әртүрлі дерматоздармен ауыратын науқастарды емдеудегі және алдын алудағы тиімділігін анықтау мақсатымен жүргізілген. Тұжырымдай келе, жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша, препарат тері ауруларының жергілікті емінде жоғары тиімділікке ие.

Негізгі сөздер: дерматоздар, алклометазон, афлодерм, жергілікті ем.

Кәзіргі таңда жергілікті ем ретінде қолданылатын көптеген дәрілік заттардың ішінде, кортикостероидтық препараттар өзінің қабынуға қарсы әсерінің белсенділігіне және тез әсер ету уақытына байланысты үлкен сұранысқа ие [1].

Топикалық глюкокортикостероидтарды (ГК) тағайындауда емнің тиімділігі, әрбір нақты жағдайда препаратты нақты таңдау және оның дәрілік түрлерін дұрыс қолдана білумен анықталады [2].

Әлемде әртүрлі дерматоздардың емінде, алклометазон препаратын қолданудың көпжылдық тәжірибесі жинақталған. Афлодерм (Veluro, Хорватия) – жергілікті емде қолданылатын, белсенді заты алклометазон дипропионат болып табылатын глюкокортикостероид. Химиялық құрылымы бойынша алклометазон дипропионат С21 – карбоксил эфирлер тобына жатады және атипиялық 7 орнында хлор атомының орналасуы, препараттың ерекше фармакологиялық қасиеттерін айқындайды. Алклометазон дипропионат, дәрілік зат алды препарат болғандықтан, эпидермисте метаболизмге ұшырап, белсенді және лабилді метаболит түзеді. Ол өз кезегінде оң емдік әсер көрсетеді. Ескірген құрамында фторы бар молекулаларға тән кемшіліктерден арылып, эпидермис пен дермада жиналмай, кері катаболикалық әсер көрсетпейді. Афлодерм айқын қабынуға қарсы, аллергияға, тері қышуына қарсы және қан тамыр тарылтқыш әсер көрсетеді. Препаратты тері бетіне қолданғанда, қабыну ошағында объективті (эритема, ісік) және субъективті (қышу, күйдіру сезімі) белгілердің айқындылығын төмендетіп, жылдам жергілікті әсер етеді. Алклометазонның әлсіз антипролиферативтік әсері, терінің жұқа эпидермис қабаттарында пайда болған дерматоздарды емдеудегі, маңызды артықшылығы болып табылады. Алклометазонды терінің сезімтал аймақтарында ұзақ уақыт қолданғанның өзінде оның атрофогендік әсерінің көрініс бермейтіні дәлелденген (5, 6). Афлодерм препаратын терінің сезімтал аймақтарында – бет, мойын және тері қатпарларында, сонымен қатар терісі жұқарған, жасы үлкен пациенттерге және сезімтал теріге қолдануға болады. Сонымен қатар Афлодермнің жергілікті қабынуға қарсы және тері қышуына қарсы әсерлері, көптеген басқа препараттарға қарағанда басым.

Мақсаты – Афлодерм препаратының әртүрлі дерматоздармен ауыратын науқастардың жергілікті емінде және алдын алудағы тиімділігін анықтау.

Құралдары және тәсілдері

Афлодерм препаратының тиімділігін зерттеу барысында біздің қадағалауда 12 мен 54 жас аралығындағы 63 науқас болды (34 әйел және 29 ер адам). Нозологияның түріне қарай науқастар бірнеше топқа бөлінді: 1 топ – атопиялық дерматит (n=18), 2 топ – экзема (n=26), 3 топ – дерматиттер (n=19).

Нәтижесі

Афлодерм препараты дәстүрлі кешенді ем құрамында

немесе жеке монотерапия түрінде тағайындалды. Препараттың дәрілік түрі аурудың клиникалық белгілеріне байланысты таңдалынды (терілік үрдістің жеделдігіне, орналасуына, тері инфильтрациясының айқындылығына, сулануына байланысты т.б.). Препарат май түрінде созылмалы ағымдағы үрдіс кезіндегі терінің зақымдалған аймақтарына, кеудеге және аяқ-қолдарға, айқын инфильтрация, лихенизация ошақтарына аздап ысқылап жұқалап жағылды. Крем түрінде бет және мойын аймақтарына аздаған сулану, эритемамен көрінетін жедел және жеделдеу қабыну ошақтарында қолданылды. Алынған клиникалық нәтижелерге байланысты емді 14 күннен 28 күнге дейінгі аралықта жалғастырды. Емдеуден алынған нәтижелер келесі критерилер бойынша бағаланды: клиникалық жазылу – терінің бөртпеден толық тазаруы, айқын жақсару – бөртпенің 60-80%-а азаюы, жақсару – бөртпенің 50% немесе одан төмен дәрежеге азаюы.

Афлодерм аллергодерматоздардың жергілікті емінде.

Атопиялық дерматитпен ауыратын науқастар арасында 8 ер адам және 10 әйел адам болды. 10 науқаста терінің патологиялық өзгерістері шынтақ және тізе ойығында орналасқан, 9 науқаста қолдарының дисталды аймақтарының терісі зақымдалған. Зақымдалған тері ошағында эритема, майда түйіншекті бөртпелер, айқын лихенификациялар, көптеген эксфолияциялар мен патологиялық түлеу анықталған. Науқастарды тері қышуы мазалаған. Атопиялық дерматитпен ауыратын науқастар тобында тері қабынуының, патологиялық түлеудің, тері қышуының азаюы, Афлодерм майы немесе креммен емдеудің 3-4 күні байқалды. Емдеудің 10-12 күні терінің мұндай көріністері науқастардың 50% (n=9) толығымен жойылды, яғни клиникалық жазылу орын алды. Науқастардың 34% (n=6) айқын жақсару болды. Ұзақ уақыт келе жатқан инфильтрация ошақтарының регрессиясы баяулау жүрді: 16% (n=3) науқастарда 20-24 күні терінің патологиялық ошақтары шынтақ және тізе ойығында сақталынды.

Ауруының ұзақтығы 1 жылдан 20 жылға дейінгі аралықтағы созылмалы экзема бар науқастар тобына 26 адам кірді (12 еркек және 14 әйел). Патологиялық үрдіс бөртпелер түрінде көбіне алақан мен табанда орналасқан. Зақымдану ошағында терінің құрғақтығы, инфильтрация, қабыршақ, қабық, ауыратын тері жарықтары орын алды, тек 8 науқаста үрдіс жайылмалы көрініс тапты. Афлодерм креммен монотерапия алған экземамен ауыратын науқастар, тері көрінісінің жақсаруын емнің 2-4 күндері байқады. Емнің 8-12 күндері осы топтағы науқастардың 58% клиникалық ремиссияға жетті. 42% айқын жақсару анықталды. Экземаның жайылмалы түрімен ауыратын науқастарда Афлодерм препаратын кешендік ем құрамында қолданудың 5-6 күні гиперемияның, патологиялық түлеудің, ісіну мен қышынудың азаюы байқалды.

Емнің 12-14 күні патологиялық терілік көріністер 90% толығымен жойылды (n=7); ал қалған 1 науқаста тері эфлоресценциясының жазылуының оңтайлы үрдісі орын алды.

Дерматит бар 12 науқаста (n=19,9 еркек, 10 әйел) терілік үрдістің көрінісі әртүрлі локализациядағы, әлсіз везикуляция мен сулануы бар шектелген жедел эритема түрінде болды. 7 науқаста басының шаш аймағында себорейлік дерматиттің көріністері орын алды. Қарапайым жанаспалы дерматиттерді емдеуде Афлодерм кремнің жоғары емдік тиімділігі анықталды. Патологиялық үрдістің жазылуына препаратпен 2-3 аппликация жасау жеткілікті болды. Аллергиялық контактілік дерматиттен толық жазылуы емнің 3-5 күндері орын алды.

Емнің тиімділігі дәрігер мен науқастың келесі параметрлерді тіркеуі арқылы анықталды: тері қышуының айқындылығы, тері құрғақтығы, терінің қызаруы, терінің түлеу дәрежесімен, ГКС препаратын қолдану қажеттілігі және терінің ылғалдану дәрежесімен.

Қорытынды

Сонымен, жүргізілген клиникалық зерттеу нәтижесі бойынша тері қышуына қарсы, қабынуға қарсы, қан тамыр тарылтқыш әсерлері бар Афлодерм препараты, созылмалы ағыммен жүретін дерматоздарды емдеудегі таңдаулы препарат болып табылады.

Оң клиникалық әсердің жылдамдығы, универсалды дәрілік түрлерінің болуына байланысты қолдану ыңғайлылығы, үнемділігі, дұрыс қолданғандағы жанама әсерлерінің болмауы, қауіпсіздігі, жүйелі әсерді болдыртпайтын препараттың жаңа негізі, емдеу мерзімінің азаюы, препаратты тері ауруларының жергілікті емінде тиімді қолданудағы жаңа мүмкіншіліктерді ашып отыр.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Короткий Н.Г., Таганов А.В., Тихомиров А.А. Современная наружная терапия дерматозов. Губернская медицина. – Тверь, 2011. – С. 5-92
- 2 Кочергин Н.Г., Новоселов В.С. Наружная терапия стероидчувствительных дерматозов: врачебный выбор // Врач. – 2012. – №2. – С. 42-46
- 3 Белоусова Т.А., Кочергин Н.Г., Кривда А.Ю. Кортикостероидные препараты для наружного применения // Рос. журн. кож. и вен. бол. – 2010. – №3. – С. 78-79
- 4 Elsner P, Lachapelle JM, Wahlberg JE, Maibacht HI (Hrsg): Prevention of contact dermatitis. Curr Publ Dermatol, Verlag Karger, Basel, 2011
- 5 Raab W: Harnstoff in der Dermatologie, TW Dermatologie, 2012; 23: 257–269
- 6 Ring J, Brockow K, Abeck D: The therapeutic concept of «Patient Management» in atopic eczema // Allergy 2009; 51: 206-215
- 7 Курдина М.И. Опыт применения афлодерма на лице у больных различными дерматозами // Рос. журн. кож. и вен. бол. – 2008. – №3. – С. 41-44

РЕЗЮМЕ

Л.К. САГИДОЛДИНА, С.М. НУРУШЕВА, Г. МЕЙРМАНОВА

Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова, г. Алматы

МЕСТНОЕ ПРИМЕНЕНИЕ ПРЕПАРАТА АФЛОДЕРМ В ТЕРАПИИ СОЦИАЛЬНО ЗНАЧИМЫХ ДЕРМАТОЗОВ

Известно, что именно кортикостероидные препараты являются эффективным средством для наружной терапии кожных заболеваний, хотя эффективность лечения в основном зависит от выбора и правильности применения препарата. В данном исследовании рассматривается эффективность препарата Афлодерм в лечении и профилактике больных с различными дерматозами. Результаты исследования были получены в ходе наблюдения 63 больных в возрасте от 12 до 54 лет (34 женщины и 29 мужчин). По нозологическим формам больные были распределены по группам: 1 группа – атопический дерматит (n=18), 2 группа – экзема (n=26), 4 – дерматиты (n=19). Эффективность лечения данным препаратом оценивались врачом и самими больными с учетом следующих параметров: интенсивность кожного зуда, степень сухости, покраснения кожи, шелушение, необходимость применения ГКС и уровень гидратации кожи.

По результатам исследования были сделаны выводы о том, что Афлодерм, обладающий противозудным, противовоспалительным, сосудосуживающим действием, является эффективным препаратом в терапии хронически протекающих дерматозов. Основными преимуществами средства являются быстрота наступления клинического эффекта, удобство применения, экономичность, практически полное отсутствие побочных эффектов при правильном применении, безопасность и основа препарата, исключающие системное действие.

Ключевые слова: дерматозы, алклометазон, афлодерм, местная терапия.

SUMMARY

L.K. SAGIDOLDINA, S.M. NURUSHEVA, G. MEYERMANOVA

Kazakh National Medical University named after S.D. Asfendiyarov, Almaty c.

AFLODERM MEDICINE'S LOCAL USE IN SOCIALLY IMPORTANT DERMATOSIS THERAPY

It is known that corticosteroids are an effective means for topical treatment of skin diseases. Although, it should be considered that the effectiveness of treatment depends mainly on the choice and the correct application of the drug. This study examined the effectiveness of Afloderin in treatment and prevention of various dermatoses. The study results were obtained in the course of monitoring 63 patients aged 12 to 54 years (34 women and 29 men). By nosological forms, patients were divided into groups: Group 1 – atopic dermatitis (n = 18), group 2 – eczema (n = 26), 4 – dermatitis (n = 19). Effectiveness of drug treatment were evaluated by the physician and patients within the following parameters: intensity of pruritus, dryness, redness, peeling, and the need for GCS level of skin hydration.

According to the study it was concluded that Afloderin having antipruritic, anti-inflammatory and vasoconstrictor activity, is an effective drug in the treatment of chronic dermatoses. The main advantages of the drug are agility of clinical effect, usability, efficiency, absence of almost any side effects when used correctly, the safety of the drug and the base, eliminating systemic action.

Key words: are dermatosis, alclometasone and afloderin.